

FTAMP 17.01.21

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.21>**А. Садуақасқызы** Орталық ұлттар университеті, Қытай, Бейжің қ.
e-mail: Aid.en@163.com**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ
АУДАРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ**

Көркем аударма тілді байытып, ұқсамаған ойлардың тоғысуына ықпал етеді. Оқырмандар әртүрлі халықтар мен этностардың әдеби шығармалары арқылы басқа шетел мәдениеттерімен танысады, әр халықтың әдеби шығармаларының аудармасын оқу арқылы қоғамдағы әртүрлі топтар арасындағы өзара түсіністікке және әртүрлі құндылықтарды өзара бөлісуге қызмет атқарады.

Елдер арасындағы мәдени алмасулар мен адамдар арасындағы байланыстарды дамытуда, адамдардың ортақ және көкейтесті мәселелерін, кейбір адамдардың кәсіби тәжірибелерін сезінуде көркем аударма маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылу жағдайы туралы тоқталамыз. Қытайда Қазақстан әдебиетіне әлеуметтану, коммуникация, әдебиетті бағалау, философия, көркем аударма тұрғыларынан түрлі зерттеулер жүргізілуде. Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуын мәдениет зор төңкерісінен бұрын, мәдениет зор төңкерісінен кейін және тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің аударылуы дәуірлерге бөлініп, қысқаша сұрыпталып жинақталады. Сондай-ақ Абай шығармаларының аударылуы, Абай туралы ғылыми зерттеулер туралы да ой толғайды. Аударманы коммуникация тұрғысынан зерттеу аударманың аударылған тілдегі әлеуметтік ортаға, жеке адамдарға ықпалын зерттеп, аударма саласы ғылыми өлшемге түседі.

Түйін сөздер: Қазақстан әдебиеті, көркем аударма, қытай тіліндегі аударма, Абай шығармаларының аудармасы.

A. Saduakaskyzy

Minzu University of China, China, Beijing,
e-mail: Aid.en@163.com**The state of translation of Kazakh literature
into Chinese and Translation of Abai's works into Chinese**

Artistic translation enriches the language and helps connect dissimilar thoughts. Readers get acquainted with other foreign cultures through literary works of different countries and ethnic groups, and by reading translations of literary works of different countries, they promote mutual understanding and mutual sharing of different values between different groups in society.

Literary translation plays an important role in the promotion of cultural exchanges between countries and people-to-people contacts, in making people aware of common and universal problems and special experiences of some people. In this article, we will focus on the situation of the translation of Kazakh literature into Chinese. In China, Kazakh literature is being studied from the perspectives of sociology, communication, literary evaluation, philosophy, literary translation. The translation of Kazakh literature into Chinese before the Great Cultural Revolution, after the Great Cultural Revolution, and the translation of the literature of independent Kazakhstan is divided into eras, briefly sorted and compiled. We will also think about the translation of Abai's works and scientific research about Abai. The study of translation from the point of view of communication can help to scientifically measure translation effects by studying the influence of translation on the social environment and individuals in the translated language.

Key words: Literature of Kazakhstan, translation of literary works, translation into Chinese, translation of Abay's works.

А. Садуақасқызы

Китайский университет Миньзу, Китай, г. Пекин
e-mail: Aid.en@163.com

Состояние перевода казахской литературы по произведениям Абая на китайский язык

Художественный перевод обогащает язык и способствует интеграции разнородных мыслей. Читатели знакомятся с другими иностранными культурами через литературные произведения разных народов и этносов, интересуются взаимопониманием и разделением разных ценностей между разными группами в обществе, читая переводы литературных произведений разных народов.

Художественный перевод играет важную роль в развитии культурных обменов между странами и контактов между людьми, в том, чтобы люди чувствовали общие и актуальные проблемы, а также профессиональный опыт некоторых людей. В данной статье автор останавливается на состоянии перевода казахской литературы на китайский язык. В Китае казахскую литературу изучают с позиций социологии, коммуникации, литературоведения, философии, художественного перевода. Переводы казахской литературы на китайский язык до Великой культурной революции, после Великой культурной революции, а также переводы литературы независимого Казахстана разделены на эпохи и обобщены. Автор также затрагивает вопрос о переводе произведений Абая и научных исследований об Абае. Изучение перевода с точки зрения коммуникации может помочь в научном измерении эффектов перевода путем изучения влияния перевода на социальную среду и людей на переводимом языке.

Ключевые слова: казахская литература, художественный перевод, китайский перевод, перевод произведений Абая.

Кіріспе

Мақсаты: Көркем аударманың маңызды рөл атқаруының себебі – кез келген әдеби шығарманың ұлтаралық таралуы көркем аудармадан тыс қалмайды. Егер тамаша әдеби шығарма өзінің бастапқы тілдік ерекшеліктерін, әдеби мағынасы мен құрылымдық ерекшеліктерін жоғалтпай басқа тілдерге аударылуы керек болса, көркем аудармамен айналысатын ғалымдар бір мезгілде екі қабілетке ие болуы керек. Бір жағынан аударылатын әдеби шығармалардың идеялық коннотациясын толық түсінуі керек. Екінші жағынан, шығармаға енгізілген халықтың мәдени ортасын толық түсініп, түпнұсқаның идеялық мазмұнын толық жеткізе білу қажет. Мәдени алмасусыз адамдар арасындағы байланыс кемелді болмайды, ал мәдени алмасу әдеби алмасуды қажет етеді. Қазақ әдебиетін аудару, таныстыру және басып шығару екі халық арасындағы терең рухани алмасудың маңызды тасымалдаушысы болып табылады (Zhāng jīn, 1987:15).

Қазақстан қытайдың жақын көршісі және «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бойындағы маңызды мемлекет (Xiàlǐfū, hǎn-ābù dá lì, 2017:57). Қытайдағы қазақ әдебиетінің таралуы мен қабылдануын коммуникация тұрғысынан зерттеу екі мәдениеттің байланысы мен дамуын жақсарта түсудің негізі.

Зерттеудің міндеттері

Елдер арасындағы мәдени алмасулар мен адамдар арасындағы байланыстарды дамытуда, адамдардың ортақ және көкейтесті мәселелерін, кейбір адамдардың ерекше тәжірибелерін сезінуде көркем аударма маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылу жағдайы туралы тоқталамыз. Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуын мәдениет зор төңкерісінен бұрын, мәдениет зор төңкерісінен кейін және тәуелсіз қазақстан әдебиетінің аударылуы дәуірлерге бөлініп, қысқаша сұрыпталып, жинақталады. Сондай-ақ Абай шығармаларының аударылуы, Абай туралы ғылыми зерттеулер туралы да ой толғай кетеміз.

Зерттеу материялы және әдістері

Қытайдағы қазақ әдебиетінің таралуының ұлтаралық, тіларалық және мәдениетаралық сипаттары бар. Шетел әдебиетін аудару, басқа халықтың рухани байлығынан нәр алу болып табылады. Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы қытай мен қазақстан арасындағы мәдени алмасуларды көрсете алады. Сондай-ақ, ол салыстырмалы әдебиеттің құндылығын көрсетеді.

Қытайда қазақстан әдебиетіне әлеуметтану, коммуникация, әдебиетті бағалау, философия,

көркем аударма тұрғыларынан түрлі зерттеулер жүргізілуде (Lixinxian, 2014:318). Қазақ әдебиетінің қытайдағы аударылу жағдайы, оның әсерлері туралы қытайдың академиялық әдебиеттерін, шетел әдебиеттерін, диссертацияларын, газеттерін, конференцияларын, жылнамаларын, анықтамалықтарын және басқа да ресурстарды отандық және шетелдегі оқырмандар үшін біріңғай іздеу, біріңғай навигация, онлайн оқу және жүктеп алу қызметтерін ұсынатын CNKI Knowledge Discovery Network платформасында қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетінің әсері, аударылуы сияқты әр түрлі тақырыпта үш жүзге тарта ғылыми мақала табылады, оның отыздан астамы диссертациялық еңбектер.

Қолымыздағы мәліметтер мен «CNKI» ізденістеріне сүйенсек, қытайдағы қазақ әдебиетін зерттеу негізінен Абайтануда, оның ішінде Абайтанушы, аудармашы Абай мырзаның көп жылғы зерттеу нәтижелері жинақталған «Абайтану жинағында» көрініс тапқан. Орыс-қазақ әдебиетін салыстырмалы әдебиет тұрғысынан зерттелген, мысалы: Сана Ағындыққызының «Қазақ ақыны Абайдың шығармашылығына орыс әдебиетінің әсері» мақаласы, сонымен қатар басқа жазушылардың шығармалары туралы зерттеулерін қамтитын аздаған мақалалар бар, соның ішінде Сәуле Мусаның «Шәкәрім Құдайбердіұлы және оның шығармашылығы», Мәида Кубайдың «Поэзиямен егіз – Мұқағали Мақатаев», Ян Лонмейдің «Поэзия менімен егіз бе едің – Мұқағали Мақатаев» т.б мақала.

Бұл жұмыстың зерттеу әдісі

Wilss.W «Аударма назариясы: мәселелер және қағидалар» кітабында аударма ғылымында оның таралу сипаты толық ескерілуі керек екенін атап өткен (Wilss,W. 1988: 72). біз бұл мақалада Wilss-тің тіларалық аударманы қарымқатынастың ерекше түрі деген пікіріне жүгіне отырып, аударманы коммуникация тұрғысынан зерттеу арқылы, қазақ әдебиетінің қытайдағы ықпалы, аударылу жағдайы, танымалдығы туралы тоқталамыз.

Аударманы коммуникация тұрғысынан зерттеу-аударманың аударылған тілдегі әлеуметтік ортаға, жеке адамдарға ықпалын зерттеп, аударма әсерлерін ғылыми өлшеуге көмектесе алады (Wú wén'ān, 2003:13).

Әдебиетке шолу

Бұл мақалада, қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылуына байланысты әдебиеттерден

тек қытайда жарияланған еңбектер ғана негізге алынды. Мұнда Уаң Шяуудың «Төлен Әбдікөвтің шығармалары мысал ретінде зерттелген тәуелсіз қазақстанның ұлттық болмысының әдебиетте бейнеленуі туралы» мақаласы, «бір жол, бір белдеу» бойындағы елдердің әдеби дипломатикасы – қазақстан қытай арасындағы», «Мағжан Жұмабаев және Қазақ әдебиетінің негізі» атты Уаң Шяуудың мақаласы, Мың Яудыңның «Кеңес одағы кезіндегі қазақстан әдебиеті-кеңес әдебиетін зерттеудің маңызды бөлегі» мақаласы, Шәріпқан Абділдаұлының «Қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылу жағдайы» атты мақаласы, Абдіхамит қатарлылардың «Кеңес одағы кезеңіндегі қазақ әдебиетінің қытай-қазақ әдебиетіне әсері» атты мақалалары біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты мәліметтермен қамдады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылу жағдайы.

1. Қазақ әдебиетінің мәдениет зор төңкерісінен бұрынғы аударылуы қандай?

Төртінші май қозғалысынан (1919-5-4) кейінгі кезең қытай аударма тарихындағы әйгілі аударма өрлеуінің бірі болды. Осы кезден қытай халық республикасы (жаңа қытай) құрылғанының алды-артына дейінгі жиырма жылға тарта уақыт арасында шетел әдебиетінің аударылуы қытайда ауқымды болды, соның арасында қазақ әдебиеті де көптеп аударылды (Dōu xiáng ruì, 2021: 45).

Қазақ әдебиеті 1940-1950 жылдардың өзінде-ақ қытай тіліне аударылып, қытай тілді оқырмандарға жол тартты. Ол тұста, қазақ авторларының шығармалары кеңес әдебиетінің бір бөлігі ретінде қаралып, қытай тіліне аударыла бастаған. Мысалы: 1940-1950 жылдар арасында «Поэзия алыбы» атанған Жамбыл Жабаевтың көптеген танымал поэтикалық шығармалары қытай тіліне аударылып, жарық көрді. 1948 жылы шаңхай замана басылымы баспасынан жарық көрген «Кеңес одағының ұлы отан соғысы антологиясы» атты жинақта «ПЕСНЯ О НАРКОМЕ ОБОРОНЫ» сияқты бірқанша өлеңдері орыс тілінен қытай тіліне аударылып жарияланған. Қытай халық республикасы (жаңа қытай) құрылғаннан кейін Жамбыл Жабаевтың өлеңдері 1953 жылы Шаңхай қаласындағы мәдени жұмыс агентігі басып таратқан «Бейбітшілік туы» сынды ықпалды басылымдарда жарияланған. Жамбыл Жабаевтың басқа да өлеңдерін қытайдың белгілі шетел

әдебиетін танушы ғалымы және аудармашы Гы Баучуан мырза аударған. Аудармашының «Мен жүз жасар терекпін» дейтін Жамбыл Жабаевтың өлеңінің аудармасы қамтылған таңдамалы аудармалар жинағы, кейінірек, 1982 жылы цзуан халық баспасында кітап болып жарияланды. Бұдан сырт, 1951 және 1955 жылдары қытайдың «Мәдени өмір» баспасы мен шаңхай әдебиет және өнер баспасы Жамбыл Жабаевтың «Сталин шақырғанда» атты жыр жинағын (аударған Ша Жиын) шығарды (Wén jì dōng, 2009:20).

1950 жылдары қазақ әдебиетінің негізін салушы ретінде, Мұхтар Әуезов, Сабит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин сияқты жазушылардың шығармалары ілгерінді-кейінді қытай тіліне аударылды және баспадан жарық көрді. 1954 жылы жастар-өрендер баспасынан қазақтың белгілі жазушысы Сабит Мұқановтың «Өмір мектебі» романы Сун Кажа мырзаның аудармасымен жарық көрді. 1958 жылы Халық әдебиеті баспасынан Юань Вижау аударған Сабит Мұқановтың таңдамалы «Елсіз жерде» кітабі жарық көрді. Ғабит Мұстафинның «Миллионер» романының қытай тіліндегі бірнеше ұқсамаған аудармасы бар. Біреуі 1953 жылы дәуір баспасында жарық көрген, аудармашысы Ду Лян, екіншісі 1953 жылы халық әдебиеті баспасынан басылып шықты, аудармашысы Лиң Шан. Жоғарыда аталған екі нұсқасы да орыс тілінен қытай тіліне аударылған. Ал, ағылшын тіліндегі нұсқасынан қытай тіліне аударған Фаң Зының аударма нұсқасының тақырыбы «Ашық күн» деп алынып, 1951 жылы, 1952 жылы сәуір айында және қараша айында жаңа әдебиет-көркемөнер баспасынан үш рет қайта басылып шықса, Фаң Зының аудармасының үшінші басылымы негізінде, 1953 жылы атақты аудармашы Шы Иың мырза қайталай өндеп, жүз жаңа кітап баспасынан екі рет басып таратады.

1955 жылы Шаңхайдан шығатын белгілі «Аударма» журналында Абайдың «Ескендір» дастаны Қабай аудармасы арқылы басылды (Zhèng zhèndōng, 2000:74). сол жылы бұл журналда Мұхтар Әуезовтың «Абайдың халықтығы және реализмі» очеркі мен Фэтисовтың «Абай туралы» мақаласы Суң Байдың аудармасымен жарияланады.

Бұдан бөлек 1954 жылы жастар-өрендер баспасынан Чян Жуинсың аудармасымен «Қазақ халық ертегілері» атты қыстырма суретті халық ертегілерінің жинағы шығады. 1976 жылы ганконг рышин баспасы осы кітапты әлем халық ертегілері сериясымен қайта бастырып таратады. Ақын, ғалым Әбділда Тәжібаевтың «Жам-

был» атты кино ценариын Мей Вын аударып, өнер баспасынан 1956 жылы жарық көреді. Жазушы Есенберлиннің «Адам туралы әні» де қытай тіліне аударылып, 1958 жылы шыңжаң халық баспасынан жарық көрді. 1959 жылы байхуа әдебиет және өнер баспасынан Жоу Тоң және т.б. аударған «Қазақ халық ертегілері» кітабін шығарды.

«Мәдениет төңкерісі» кезінде белгілі себептерге байланысты қытайдағы шетел әдебиеті мен өнеріне қатысты аударма, таныстыру және зерттеу жұмыстары дерлік тоқтап қалды, ал қазақстандағы әдебиет пен өнерге қатысты аударма, кіріспе және зерттеу жұмыстары да осы аралықта үзілді.

«Реформа жасап, есікті ашық ұстаудан» кейінгі қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы

1978 жылдан соң, қытайда шетел әдебиетін аудару, енгізу, зерттеу жұмыстары жедел қолға алынды. Он неше жыл үзілген жұмыстар қайта жалғасып, қытай тіліне аударылған әдеби шығармалар қайта көбейіп, жаңа күш пен өміршендікке ие болды. 1980 жылдары қытайда, кеңес одағының әдеби шығармаларын аудару, енгізу, зерттеу жұмысы жаңаша дамуға қол жеткізді. Бұл кезеңде кеңес әдебиетін аудару мен таныстыру аясында қазақ әдебиетін аудару мен таныстыру да үлкен жетістіктер болды (Sūnhuījūn; zhèngqīngzhū, 2010:76).

Мысалы: «Орыс-кеңес әдебиетінің» 1981 жылғы екінші санында белгілі қазақ жазушысы Д.Досжановтың «Тау асуы» повесі Чын Мыңланның аудармасымен қытай оқырмандарына жол тартады. «Шегара» атты журналдың 1984 жылғы екінші санында атақты қазақ жазушысы Сайын Мұратбековтің «Басында үш қараның» повесі қытай тілінде жарық көрген, қытай жазушылар қауымдастығының әдеби журналы «Ұлттар әдебиеті» басылымы 1984 жылғы алтыншы санында қазақ жазушысы Аманжол Мұқановтың «Таң рауаны» әңгімесін қытайшаға аударып, басып шығарды. Аталған әдеби журналда қазақтың көптеген жазушы-ақындарының шығармалары қытайшаға аударылып жарияланған болатын. 1986 жылғы төртінші санында белгілі жазушы Т.Ақтановтың «Сауын туралы аңыз» повесін Юань Лихуа аударған, 1986 жылғы бесінші санында Оралхан Бөкеевтің «Торпақ» әңгімесі жарық көрді. 1991 жылы екінші санында танымал аудармашы Су Жоушыңонның аударуымен Сатжан Санбаевтің «Ақ аруана» поэтикалық-философиялық романы жарық көреді, осы санында, Олжас

Сүлейменовтің бір топ өлеңдерін де Чын Шуешүн аударып жариялады. 1992 жылғы екінші санында Юань Лихуа Қ.Ахметовтың «Жарияланбаған әңгімесін» аударып жариялайды.

Адамзат өркениетінің ұзақ тарихында аударма тәжірибесі әртүрлі ұлттардың, елдердің, тілдер мен өркениеттердің өзара қарым-қатынасында, өзара білім алуында және ортақ дамуында өте маңызды және таптырмас рөл атқарады. Түрлі ұлттар, елдер, тілдер мен өркениеттер арасындағы өзара алмасу және ортақ дамудағы көркем аударманың рөлі мен үлесі де айтарлықтай маңызға ие. Әдебиет аудармасы әртүрлі этностар мен елдер арасындағы терең мәдени алмасудың маңызды аспектісі болғандықтан, ол рухани байлықтың алмасуы және тілдің диалогі болып табылады.

Жоғарда аты аталған шығармалардан сырт, 1978 жылдан қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде, қазақтың басқа да жазушыларының, ақындарының әдеби шығармалары аударылды және жарияланады. Қазақ әдебиеті осыдан кейінгі кезеңде, орыс тілінен, ағылшын және басқа тілдерден қытай тіліне аударудан, қазақша шығармаларды төте қазақ тілінен қытай тіліне аудару ауқымына қарай өтеді. Қытайға Абайды таныстыруға үлкен еңбегі сіңген сібе ұлтының өкілі, қазақ тілін, қазақ поэзиясын жақсы білетін Қабай (өз есімі Ха Хуанжан, Қабай деген қаламатын Абай Құнанбайұлының есіміне еліктеп қойған) мырза 1950 жылдардан бастап-ақ Абайдың өлеңдерін жинақ етіп аударып, халық баспасынан шығарған болатын.

1982 жылы шыңжаң халық баспасынан Қабай мырзаның аудармасымен «Абай өлеңдері» басылды. 1984 жылы шыңжаң халық баспасынан Қабай мырзаның аудармасымен «Абай қара сөздері» жарық көрді. 1990 жылдан бастап Қабай мырза Мұхтар Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романын (4 томын) аудардып баспадан шығарды.

3. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл кезеңде, қазақ әдебиеті алғашқы орыс не ағылшын тілінен қытай тіліне аударылудан, қазақ тілінен қытай тіліне төте аударуға жол тартты. Аудармашылар тобы да, аударылған авторлар да көбейді. Атап айтар болсақ, 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына орай «Іле айдыны» журналының қытай тілі басылымында қытай қазақтарының көрнекті жазушысы Әкбар Мәжитұлының аудармасымен «Абай қара сөздері» жарық көрді. Сол жылы ұлттар баспа-

сы арнайы «Абай қара сөздерінің» қазақ-қытай қос тіліндегі салыстырма нұсқасын жариялады. Бұл кітапты әуелі орыс тіліндегі нұсқасынан қытайлық жазушы, аудармашы Су Жоушиоң мырза аударған, кейін қытай қазақ жазушысы Әкбар Мәжитұлы түпнұсқа мәтіні бойынша реттеп, қайта аударды.

2006 жылы Еркеш Құрманбекқызы Мұқағали Мақатаевтың бір топ өлеңдерін аударып, «Батыс өңір» әдеби журналының 2-санында жарияланды, аталған аудармашы Рахымжан Отарбаевтің әңгімелер жинағы «Қара құйын» жинағын аударып, 2007 жылы Бейжіңдегі ұлттар баспасынан шығарады. Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» шығармасыда осы аудармашының аударуымен Бейжің ұлттар баспасынан басылып шығарады.

Аудармашы Қайша Тәбәрікқызы қазақстан әдебиетін қытай тіліді оқырмандарға көптеп таныстырып келеді. Абай өлеңдерін аударып, әдеби журналдарға ұсынудан қатар, Мұхтар Шахановтың «Шың басындағы жыр» шығармасын Шаңхай өнер баспасынан 2015 жылы шығарады. Аудармашы ақын Ұлықбек Есдаулеттің өлеңдерін де мерзімді басылымдарға аударып жариялаған.

Немат Келімбетовтің «Күндестік» шығармасын Айдос Амантай қытай тіліне аударып ұлттар баспасынан жарық көреді. Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағы 2007 жылы ұлттар баспасынан қытай тіліне аударылып жарық көреді.

Бұдан басқада, аты аталмаған аударма шығамалар да жаңбырдан соңғы жауқазындай, көптеп басылым көріп келеді, оның ішінде, ерекше атап өтетін аударма, қазақстан әдебиетін қытай тіліне аударып таныстырған жаңа екі томдық «Осызаман Қазақстан таңдамалы жыр жинағы» мен «Осызаман Қазақстан таңдамалы әңгімелер жинағы» 2022 жылы қаңтарда Бейжің ұлттар баспасынан жарық көрді. Онда Қадір Мырзалиев, Тұманбай Молдағалев, Олжас Сүлейменов, Фарайза Оңғарсынова, Есенғали Раушанов сияқты ақындармен қатар, Бауыржан Қарақыз, Ерлан Жүніс сияқты 31 ақынның өлеңдері, Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Қалиқан Ысқақ, Сайын Мұратбеков, Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Сәбит Досанов, Мұхтар Мағауин сияқты жазушылардан бастау, Дидар Амантай, Дәурен Қуат сияқты 29 жазушының әңгіме-повесттері қытай тіліне аударылып жарияланды. Бұл екі томдықтағы ақын-жазушыларды қазақстан әдебиетінің қазіргі деңгейі деуге болады. Ал, оның аударылып, қытай тіліді оқырманға

жол тартуы қазақ әдебиетінің классиктерін таныстырудан сырт, қазақстанды түсіну, қазақ елінің мәдениетін тануға есік ашады. Әдебиет – ұлттың өмір сүру әдеті, ойлау тәсілі, құндылықтары, тарихи тәжірибесі және діни дәстүрлерінің мәйегі ретінде мәдениетті түсінудің маңызды тетігі саналады, сөндықтан бір ұлттың әдебиетін аудару, оқу сол ұлттың мәдениетімен танысу, соған ену болып табылады.

4. Қытайдағы Абай шығармаларының аударылуы және Абай туралы ғылыми зерттеулер

Жоғарда қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылуы жайлы айттық, енді, қазақ әдебиетіндегі ірі тұлға, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, ақын, философ, қазақтың және адамзаттың Абайының қытай тіліне аударылуы және Абай туралы қытайдағы зерттеулерге тоқталсақ:

(1) Абай шығармаларының аударылуы

1955 жылы Шаңхайдан шығатын белгілі «Аударма» журналында Абайдың «Ескендір» поэмасы Қабай аудармасы арқылы жарияланды. Бұл Абай шығармаларының қытай тіліне алғаш аударыла бастаған кезі болатын.

Абайдың Қабай аударған және жарық көрген шығармаларынан мыналар бар: «Абайдың таңдамалы әңгімелері» (халық баспасы: 1950 ж), «Абайдың таңдамалы өлеңдері» (шыңжаң халық баспасы, 1982 ж), бұл жинақта Абайдың 63 өлеңі аударылды; «Абай шығармалары» (ұлттар баспасы, 1993 ж) бұл жинақ үш бөлікке бөлінген: өлеңдер бөлегінде 207 өлең қамтылған: «Қисса дастандар» бөліміне 3 кіреді; «Қара сөз» бөліміне 45 қара сөзі және бір «Қазақтардың шығу тегі туралы» дейтін еңбегі де енеді; Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» Қабай мен Гао Шунфан бірлесіп аударған. «Абай» мен «Абай жолы» төрт томдық аудармасы, ұлттар баспасынан 2004 жылы жарық көрді.

1995 жылы ұлттар баспасынан Ли Чыушиұн мен Әкбар Мәжитұлы бірлесіп аударған «Абай қара сөздері» жарық көрді (Абай Құнанбайұлы, 1995:136). Қытай оқырмандары бұл аударма түпнұсқа мәтініне адалдығымен ғана емес, Абай шығармаларының стилі мен терең идеялық коннотациясын, философиялық бояуы мен даналығын жақсырақ танытқан ықшам, тегіс, көркем аударма деп бағалап келеді.

(2) Абай туралы зерттеулер

1955 жылы Шаңхайдан шығатын «Аударма» журналында Мұхтар Әуезовтің «Абайдың халықтығы және реализмі» очеркі мен Фэтисовтың «Абай туралы» мақаласы Суң Байдың аударуымен жарияланады. Бұл аударма болса да

қытай оқырмандарының Абайды тануына үлкен септігін тигізген еді.

Абай Құнанбаевтың шығармашылық өмірі мен ой-толғамдарына арналған зерттеулерде әртүрлі академиялық журналдарда жарияланған мақалалары мен еңбектерінен (соның ішінде кандидаттық және докторлық диссертациялардан) басқа Қабай мырзаның «Абай туралы зерттеулері» мен Чын Чындуңның «Абай – Қазақ даласының темірқазығы» дейтін екі монографияны ерекше атап өтуге болады, бұл еңбектер 1995 және 2003 жылдары Бейжің ұлттар баспасынан жарық көрді. Солардың ішінде Чын Чындуңның «Абай – Қазақ даласының темірқазығы» шығармасы «Әлем әдебиетіндегі алыптар» сериясының бірі ретінде жарық көрді. 1998 жылы шыңжаң жастар баспасынан қазақстан республикасының алғаш президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Абай туралы» (аударған Ши Чуншяу) кітабі жарық көрді. 1995 жылы Ли Чыушиұн мырзаның «Шыңғыс тауындағы үш алып-Абай, Шәкәрім және Мұхтар» дейтін еңбегі ұлттар баспасынан жарық көреді (Zhèng zhèndōng, 2003:68).

Абай туралы ғылыми еңбектер мен бағалардан айтар болсақ: 1997 жылы Чың Шы мен Саятбек «Абай өлеңдері» мақаласында Абайдың философиялық өлеңдерін зерттеп мынадай қортынды жасайды: Абайдың поэзиялық шығармашылығы бір халыққа емес, бүкіл адамзат руханиятына қосылған үлкен үлес.

Лоян 2012 жылы Абай өлеңдеріне талдау жасай келе, Абай өлеңдері әдебиет тарихындағы батыл талпыныс, Абай өлеңдері өте жоғары мәдени құнға ие, белгілі бір дәрежеде қазақ поэзиясы шығармашылығындағы келеңсіз ахуалды жақсартып, поэтикаға бірегей идеяларды алға тартты деп қортындылайды.

Қоң Веншиюн мен Ши Шяубин 2015 жылы Абайдың поэзиялық шығармаларын қазіргі заман тұрғысынан талдаған. Абай өлеңдері қоғамдағы келеңсіздіктерді көрсетіп, адам санасын ояту қызметін атқарады. Абай өлеңді қару етіп, руханияты салданғандарды оятады. Заман ағымына ілесіп, ұлттың сапасын арттырып, елді жаңаруға жетелейді деп баға береді.

Жаң Шинтияң «Қазақ ақындары туралы» мақаласында қазақ ақыны Абайдың екі жүзге жуық өлеңінде Абайдың бай ақындық ойларын білдіретін көптеген құнды поэзиялық теорияларды жинақталған, сонымен қатар, қазақ поэзиясының сол тұстағы өресін де көрсетеді. Абай өлеңдерінде поэзия аксиологиясының теориясы, поэзия өнерінің теориясы, поэ-

зияны бағалау теориясы, т.б. сияқты негізгі қағидаларды ұстанған деп Абай өлеңдерінің құрлысын әдеби теориялық жақтан бағалайды.

2018 жылы Ваң Кінің магистрлық диссертациясында, Қабай мырзаның аударған «Абай өлеңдерінің» артықшылығын аударма эстетикасы тұрғысынан зерттей келе, «Абайдың таңдамалы өлеңдерінің» эстетикалық, тәрбиелік мәні зор, сондықтан бұл шығармаларды қытай тіліне аудару да ең алдымен, түпнұсқаның сұлулығы тамаша түрде берілуі керек, сонда аударылған шығарма аударылған мәтінді оқырмандарға жақсырақ жеткізе алады. түпнұсқа мәтіннің коннотациясы мен эмоциясын сезініп, түпнұсқа мәтіндегідей түсінікке ие болу үшін аудармашы эстетикалық бейнелеу арқылы мағына, дыбыс және сыртқы пішін біріктіріледі дейді.

Жоғарда аталған ғылыми еңбектерден сырт, басқа да еңбектер жазылып келеді, және жазылып жатыр. Дегенмен де, ұлы Абай туралы зерттеулер жеткілікті болды деп айта алмаймыз, тек қана болашақта тіпті де жақсы зерттеле түседі деп үміттенеміз.

Қорытынды, тұжырымдар

Қытайдың «Жаңа әдебиетінің» пайда болуы әлем әдебиетінен қытай әдебиетіне, одан кейін қытай әдебиетінен әлем әдебиетіне бет алудың күрделі процесінің нәтижесі. Бұл трансформация процесінде шетел әдебиетін аудару және енгізу өлшеусіз рөл атқарады. Сондықтан аударма әдебиетін зерттеу қазіргі қытай әдебиетінің толысуы және дамуындағы маңызды зерттеу әдістері мен құралдарына айналды.

Аударма тілдер арасындағы қарым-қатынас әрекеті ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық қарым-қатынас процесі мен әрекеті. Адамзат мәдениеті пайда болғаннан бері қарым-қатынас тоқтаған емес. Қарым-қатынас мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Ұқсамаған тілдер мен мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасқа тек аударма арқылы қол жеткізуге болады. Аудармасыз мәдениетаралық қатынас болуы мүмкін емес. Екі мәдениет арасындағы алмасу, интеграция және даму да аударма арқылы жүзеге асады. Адамзат тарихындағы бүгінге дейінгі мәдени алмасулар аударманың әлеуметтік тарих пен мәдениетте маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Жер бетіндегі әрбір ұлт өзінің даму тарихына байланысты бір-бірінен ерекшеленетін және өзіндік ұлттық бояуы бар ұлттық мәдениетті қалыптастырды. Ал, әдебиет болса, бұл

мәдениеттің негізгі көрінісі, тіпті әдебиет сол ұлттың жанын, ділін білдіреді.

Қытайдағы «Шетел мәдениетін енгізу» қытайдың мәдени деңгейін жан-жақты көтерудің бір тетігі, сонымен қатар «Мәдениетті шет елге шығарудың» маңызды негізі болып табылады. Қытай мәдениетінің өндірістік құрылымын дамыта алады. Құрылымды түзету және жетілдіру «Мәдениетті шет елге шығарудағы» кедергілерді азайтады. Қарапайым тілмен айтқанда, қытайға өзінің және халықаралық мәдени деңгейді түсінуіне мүмкіндік береді (Yú pè, 2005:4).

Қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылуы қытайдың «Шетел мәдениетінен енгізудің» бір тармағы болып саналады, сондай-ақ, ол қазақстанды тіпті де жан-жақты түсіну, екі ел арасындағы достықты нығайтуға септігін тигізеді (Bì huázhāng, 2016:4).

Біз бұл мақалада қазақ әдебиетінің 1948 жылдан бергі қытай тіліне аударылу жағдайын дәуірлерге бөліп, сұрыптап, жинақтадық. Қытайдағы мәдениет зор төңкерісіне дейінгі кезеңде, қазақстан әдебиеті негізінен қытай тіліне басқа тілдердегі аудама нұсқасы арқылы аударылады. Ал, мәдениет зор төңкерісі барысында, шетел әдебиетінің аударылуы қытайда тоқырау кезеңінде өтті де, сәйкесінше қазақстан әдебиеті де аударылмай қалды. Ол тұста, тек Есенберлиннің «Күдер үзуі» ғана 1978 жылы бірнеше аудармашы, ғалымдар аударып баспаға ұсынады (Есенберлин, 1978:4). мәдениет зор төңкерісінен кейінгі дәуірді қазақстан әдебиетінің аударылуының екінші кезеңі деп санауға болады. Мәдениет зор төңкерісінен кейін, қытайда шетел әдебиетінің аударылуы қайта қолға алынды, ал бұл кезеңде, қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылуы қазақ тілінен төте аударуға қарай көшті. Мақаламызда атап өткендей, бұл кезеңде де қазақстан әдебиетінің көптеген классик шығармалары қытай тіліне аударылып баспадан жарық көреді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан қазіргі дәуірге дейінгі кезеңде, қытайдағы қазақстан әдебиеті Совет-қазақ әдебиеті дейтін атаудан қазақстан әдебиеті деген атауға өзгеріп, аударыла бастады, бұл кезеңде, қытайдағы қазақ ұлтының аудармашылары да қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылуына үлес қоса бастады. Осылайша, қазақстан әдебиетінің қытай тіліне аударылу процесі үздіксіз жүріліп келеді.

Дегенмен де, қазақстан әдебиеті қытай тіліне аударылып болды деуден аулақпыз. Болашақта екі елдің мәдени барыс-келісі бұдан ары қоюлай

түсетіні айқын, демек мәдениеттің маңызды көрінісі саналатын көркем әдебиеттің аудармасы да сәйкесінше саны мен сапасы жағынан арта түсетіні даусыз (Ханали және т.б, 2019:1). Сөзбасында айтып өткеніміздей, мақаламызда дйттеген мақсатымыз қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы туралы жинақтап мәлімет бере кету болатын. Шынын куғанда, көркем

аударманың мақсаты мұнымен ғана бітпейді, аударылу бір басқа да, аударманың сапасы, оқырман аңысы, аударма немесе аударылған шығарма туралы зерттеулер бір басқа. Демек, алдыңыздағы бұл мақала, осыдан былай қарай қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы хақындағы ізденіске толы ұзақ сапардың кіріспесі саналады.

Әдебиеттер

- 张今.文学翻译原理.开封：河南大学出版社，1987。-12-19 页。
夏里甫罕·阿布达里.哈萨克斯坦文学在中国——哈萨克斯坦文学汉译情况概述,伊犁师范学院学报(社会科学版), 2017年04月期。-56-59页。
李信贤.阿拜研究综述,赤子(中甸), 2014年04期。- 318-319页。
Wilss,W. The Science of Translation:Problems and Studies .Amsterdam:Editions Rodopi, 1988.-67-80.
吴文安.试论翻译与美学,山东外语教学, 2003年06期。-11-15页。
都翔蕤.俄罗斯文学在中国的传播效应研究,内蒙古大学, 2021。-45页。
文记东. 1949-1966年的中苏文化交流,中共中央党校, 2009年, -20页。
郑振东.略论阿拜·库南巴耶夫的历史地位,新疆大学学报, 2000年02期,-73-77页。
孙会军;郑庆珠.新时期英美文学在中国大陆的翻译(1976—2008),解放军外国语学院学报, 2010年2期, -73-77页。
阿拜·库南拜乌勒(哈)。粟周熊、艾克拜尔·米吉提译,阿拜箴言录:[汉哈文对照],民族出版社,1995年, -136页。
郑振东,阿拜——哈萨克草原上的北极星,北京：民族出版社, 2003。-68页。
于沛. 中国文化走出去与引进来,人民日报, 2005年4月1日, -3-4页。
毕华章.借“一带一路”加深中哈文化交流读《阿拜之路》了解哈萨克民族,每日经济新闻,2016-10-12,-18页。
伊·叶先别林.绝望,潘同珑,曹中德译：北京：人民文学出版社。1978.前言：-1-10。
韩阿里等.当代哈萨克斯坦小说精选,北京：民族出版社,2019年,卷首语。
Berman, A.(1999).La Traduction et la Lettre ou L'auberge du Lointain.Paris:Editions du Seuil.
VENUTI L.(1995).The translator's invisibility:A history of translation .London:Routledge,p.34.
SCHAFFNER C.KELLY-HOLMES H.(1995)Cultural functions of translation.Clevedon:Multilingual matters.p 67.

References

- Zhang Jin. (1987) Principles of Literary Translation. Kaifeng: Henan University Press. P.19. (in Chinese)
Sharifkhan Abdali. (2017) Kazakh literature in China: An overview of the Chinese translation of Kazakh literature, Journal of Yili Teachers College (Social Science Edition). p.59.(in Chinese)
Li Xinxian. (2014) Abai Research Review. Pure Child (Mid), p.319.(in Chinese)
Wilss, W. (1988) The Science of Translation: Problems and Studies. Amsterdam: Editions Rodopi.p.80.(in English)
Wu Wen'an. (2003)On Translation and Aesthetics, Shandong Foreign Language Teaching, P.15.(in Chinese)
Du Xiangrui. (2021) Research on the Spread of Russian Literature in China, Inner Mongolia University.p.45 .(in Chinese)
Wen Jidong. (2009) Sino-Soviet Cultural Exchanges from 1949 to 1966, Party School of the Central Committee of the Communist Party of China, p.20 .(in Chinese)
Zheng Zhendong. (2000) On Abai Kunanbayev's Historical Status, Journal of Xinjiang University.p.77.(in Chinese)
Sun Huijun; Zheng Qingzhu. (2010) The Translation of British and American Literature in Mainland China in the New Era (1976—2008), Journal of the PLA Foreign Languages Institute. p.77.(in Chinese)
Abai Kunanbaiul (Kazakhstan). Translated by Su Zhouxiong and Akbar Mijiti. (1995) Abai's Proverbs: [Chinese and Chinese], National Publishing House.p.136.(in Chinese)
Zheng Zhendong. (2003) Abai – The North Star on the Kazakh Steppe. Beijing: Ethnic Publishing House, p.68(in Chinese)
Yu Pei. (2005) Chinese Culture Week Out and In, People's Daily.p.4.(in Chinese)
Bi Huazhang.(2016) Deepen Sino-Kazakh cultural exchanges through “One Belt One Road” (Abai Road) to understand the Kazakh nation, Daily Economic Newp.18 .(in Chinese)
I.Y. (1978) Despair.Pan Tonglong. translated by Cao Zhongde: Beijing: People's Literature Publishing House.P.10.(in Chinese)
Han Ali. (2019) Selected Contemporary Kazakh Novels, Beijing: Ethnic Publishing House.p.6. (in Chinese)
Berman, A. (1999) .La Traduction et la Lettre ou L'auberge du Lointain[M].Paris:Editions du Seuil.p.135.(in English)
VENUTI L. (1995) .The translator's invisibility:A history of translation .London:Routledge,p.34. .(in English)
SCHAFFNER C,KELLY-HOLMES H. (1995) Cultural functions of translation.Clevedon:Multilingual matters.p 67.(in English)